



Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Байганин аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 3 маусымдағы № 125 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 30 маусымда № 4399 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байганин аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 009 қаулысымен

Ескерту. Ақтөбе облысы Байганин аудандық әкімдігінің 15.01.2016 № 009 қаулысымен (кол қойылған кезінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 18 және 238 баптарына сәйкес Байганин аудандық әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕД:

1. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ш.Спановаға жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

*Байганин аудандық
мәслихатының хатшысы
"03" маусым 2015 жыл*

M.Аққағазов

B.Тұрлыбаев

Байганин ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 03 маусымдағы
№ 125 қаулысына қосымша

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

1	Денсаулық сақтау мамандарының лауазымдары:
1.	бас дәрігер
2.	бас дәрігердің орынбасарлары
3.	емхана, бөлімше, кабинет, дәріхана менгерушісі
4.	барлық мамандықтағы дәрігерлер
5.	барлық мамандықтағы орта медициналық қызметкерлер
6.	әлеуметтік қызметкерлер
2	Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:
1.	жұмыспен қамту орталығының басшысы
2.	жұмыспен қамту орталығының маманы
3.	әлеуметтік қызметші.
3	Білім беру мамандарының лауазымдары:
1.	білім беру ұйымдарының барлық мамандықтағы мүгалімдері
2.	мектеп директоры
3.	мектепке дейінгі ұйымның менгерушісі
4.	интернат менгерушісі
5.	директордың оку жұмысы жөніндегі орынбасары
6.	директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
7.	директордың бейімделу бойынша оқыту жөніндегі орынбасары
8.	шеберхана менгерушісі
9.	алғашқы әскери даярлау бойынша оқытушы - ұйымдастырушы
10.	лагерь басшысы
11.	ага әдіскер, әдіскер
12.	кітапхана менгерушісі
13.	кітапханашы
14.	педагог-психолог
15.	әлеуметтік педагог
16.	ұйымдастырушы педагог
17.	қосымша білім педагогы
18.	дефектолог
19.	ага тәрбиеші, тәрбиеші
20.	ага шебер, өндірістік оқыту шебері
21.	музыкалық жетекші
22.	дene тәрбиесі жөніндегі нұсқаушы
23.	еңбек жөніндегі нұсқаушы
24.	медициналық бике
25.	емдәмбике
26.	ага жетекші, жетекші
27.	хореограф
28.	зертханашы
29.	көркемдік жетекші
30.	суретші
31.	кабинет менгерушісі
32.	қосымша білім беру ұйымының директоры
4.	Мәдениет мамандарының лауазымдары:
1.	ұйымның басшысы
2.	көркемдік жетекші

3.	әдіскер
4.	бөлім менгерушісі
5.	суретші
6.	аккомпаниатор
7.	режиссер
8.	фольклор жетекшісі
9.	мәдени ұйымдастырушы
10.	хореограф
11.	кітапханашы
12.	мәдени демалыс ұйымдастыру жөніндегі маман
13.	библиограф
14.	редактор
15.	музыкалық жетекші
16.	дыбыс режиссері
17.	үйірме жетекшісі
5.	Спорт мамандарының лауазымдары:
1.	директор
2.	директордың оку ісі жөніндегі орынбасары
3.	әдіскер
4.	спорт нұсқаушысы
5.	жаттықтыруши - оқытушы.
6.	Ветеринария мамандарының лауазымдары:
1.	ветеринария ұйымының басшысы
2.	мал дәрігері
3.	мал дәрігерлік пункт менгерушісі
4.	ветеринарлық фельдшер.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК